



PC.DEL/845/14
11 шілде 2014 ж.

Ағылшын тілінен аударма

ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ

№1007 ЕҚЫҰ Тұрақты Кеңесі

Вена, 10 шілде 2014 ж.

Қазақстандағы сот-құқықтық реформа жөніндегі ЕО-тың мәлімдемесі

Еуропалық Одақ шілде айының басында Қазақстанмен қабылданған жаңа Қылмыстық кодекс, Қылмыстық іс жүргізу кодексі және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қатысты алаңдаушылық білдіреді.

Біз Қазақстанның қылмыстық заңнамасын реформалауға бағытталған үкімет талпыныстарын қолдаймыз, алайда жаңа кодекстерде сөз бостандығы, қауымдастық бостандығы, жиналыс бостандығына жағымсыз тұрғыдан әсер ете алатын бірқатар баптардың болуы алаңдаушылық тұғызады.

Біз үкіметті азаматтық қоғаммен, Еуропа Кеңесі мен БДИПЧ секілді халықаралық әріптестермен жаңа кодекстерді іске енгізу жолында нормативтік актілерді рәсімдеуде аталған алаңдаушы мәселелерді шешуге, әрі Қазақстанның ЕҚЫҰ шеңберіндегі міндеткерліктері және басқа да халықаралық міндеткерліктеріне сай өзгерістерді енгізу мәселесін қарастыруға шақырамыз.

Аталған мәлімдемеге кандидат-мемлекеттер Бұрынғы Югославия Республикасы Македония*, Черногория*, Исландия+, Сербия* мен Албания*, Тұрақтандыру мен ассоциация үрдісінің мемлекеті Босния мен Герцеговина, және ЕЕСҚ мемлекеті, Еуропалық экономикалық кеңістігінің мүшесі Норвегия қосылады.

* Бұрынғы Югославия Республикасы Македония, Черногория, Сербия және Албания Тұрақтандыру мен ассоциация үрдісінде қатысуын жалғастыруда.

+Исландия ЕЕСҚ мен Еуропалық экономикалық кеңістігіндегі мүшелігін жалғастыруда.